

"Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметі шаруашылық басқармасының "Бурабай" табиғи-сауықтыру кешені" мемлекеттік мекемесінің жарғысын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 4 шілде N 1058. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2000.08.12. N 1246 қаулысымен. ~P001246

Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің шаруашылық басқармасы Бурабай орман шаруашылығының Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметі Шаруашылық басқармасының "Бурабай" табиғи-сауықтыру кешені" мемлекеттік мекемесі болып қайта құрылуына

байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметі Шаруашылық басқармасының "Бурабай" табиғи-сауықтыру кешені" мемлекеттік мекемесінің жарғысы бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 4 шілдедегі
N 1058 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметі
Шаруашылық басқармасының "Бурабай" табиғи-сауықтыру
кешені" мемлекеттік мекемесінің
ЖАРҒЫСЫ

I. Жалпы ережелер

1. "Бурабай" табиғи-сауықтыру орман кешені Бурабай таулы орманды

алқабының сирек табиғи кешенін сақтау, халықтың осы ауданның санаторий-курорттық аймағында демалуы жағдайын жақсарту мақсатында мемлекеттік мекеме нысанында құрылған (бұдан әрі - Мекеме) дербес заңды т ұ л ғ а б о л ы п т а б ы л а д ы .

Мекеме аумағының ерекше ортаны қорғау, табиғат қорғау, мәдени, тарихи құндылығы бар және Мекеме құру мақсатына байланысы жоғы шаруашылықтық пайдаланудан алынады. Мекеменің жерлерін оқу-ағарту, рекреациялық және ғылыми-зерттеу мақсаттарында пайдалануға рұқсат етіледі.

Мекеменің шекарасындағы одан шығарылуға жатпайтын басқа жер пайдаланушылардың жерлері бұрынғы шекараларында қалады және оларды к е ң е й т у г е ж о л б е р і л м е й д і .

Бұл жерлерді пайдалануды жүзеге асырушы кәсіпорындар, мекемелер және ұйымдар өзінің шаруашылық қызметін табиғат қорғау талаптары мен қорғалатын аймақтың режимін сақтай отырып жүргізеді және өздеріне тиесілі аумақтар мен кешеннің оларға тікелей жалғасатын жерлерінің санитарлық жағдайы үшін, сондай-ақ кешеннің табиғаты үшін қолайсыз зардаптарға әкеп соқтыратын әрекеттері үшін толық жауаптылықта болады.

Мекеменің құрамында құрылымдық бірліктер құқығында, Ақылбай, Бурабай, Қотыркөл, Золотобор, Мирный орманшылығы, Мемлекеттік резиденция, "Қарасу" демалыс үйі, табиғат мұражайы, зообұрыш, ағаш өңдеу цехы, қымыз кешені б а р .

2. Мекеме "Бурабай таулы орман алқабын қорғауды күшейту жөніндегі қосымша шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 27 ақпандағы N 3369 N973369_ өкімін іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 6 мамырдағы N 787 N970787_ қаулысының негізінде қайта құрылды және Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің Шаруашылық басқармасы Бурабай орман шаруашылығының құқықтық мұрагері болып табылады.

3. Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің Шаруашылық басқармасы (одан әрі - Меншік иесі) меншік иесінің құқық күшін жүзеге асырушы құрылтайшы және орган болып табылады.

4. Мекеме өз қызметінде Конституцияны, Азаматтық кодексті, Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарын, халықаралық шарттар мен келісімдерді, сондай-ақ осы Жарғыны басшылыққа алады.

5. Заңды мекен жайы: 476433, Қазақстан Республикасы, Солтүстік Қазақстан облысы, Шучье ауданы, Бурабай поселкесі, Ленин көшесі, 45.

6. Мекеменің дербес балансы, есеп айырысу және өзге де шоттары, фирмалық а т а у ы , м ө р і б о л а д ы .

II. Мекеменің негізгі міндеттері мен функциялары

7. Мекеменің негізгі міндеттері мен мақсаты оған бекітіліп берілген аумақтың шегінде Бурабай таулы-орманды көгілдір алабының табиғи байлығын қорғауды қамтамасыз ету болып табылады.

8. Мекеме мынадай қызмет түрлерін орындайды:
ғылыми негізде орман және аңшылық шаруашылық жүргізуді жүзеге асырады және шаруашылықтың құрамына кіретін орманшылықтар мен басқа да бөлімшелердің қызметіне басшылық жасайды;

табиғи өсімдіктерімен, геологиялық құрылыммен, сирек объектілерімен және табиғат ескерткіштерімен бірге осы географиялық аймақ үшін неғұрлым етене табиғат учаскелерінің қалыпты жағдайын сақтау жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

ғылым мен озық технологиялар жетістіктерінің негізінде орман шаруашылығы мен ормандардың өнімділігін арттыруды жан-жақты дамытуды және дұрыс жүргізуді қамтамасыз етеді;

орманның су қорғау, қорғаныштық, санитарлық, сауықтыру және басқа да функцияларын күшейту жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

жабайы жануарлар мен құстарды жерсіндіру жөніндегі жұмыстарды жүргізу, биотехникалық және аң шаруашылығы шараларын жүргізу жолымен фаунаны күзетуді және байытуды жүзеге асырады;

табиғат қорғау идеяларын, экологиялық білімді кеңінен таратуды жүзеге асырады;

ормандарды өрттерден, зиянкестерден және аурулардан күзетуді және қорғауды жүзеге асырады, рекреациялық жұмыстарды жүргізеді;

Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметі Шаруашылық басқармасының арнайы рұқсаты бойынша туризмді, оның ішінде аңшылықты ұйымдастырады.

9. Мекеме кәсіпкерлік қызметті тек ол оның жарғылық мақсаттарына қаншалықты сәйкес келсе, соншалықты ғана жүзеге асыра алады.

III. Мекеменің аумағындағы режим

10. Мекеменің аумағындағы режим мекеменің алдында тұрған міндеттерді орындау үшін қажетті ережелер мен шаралар жүйесін қамтиды.

11. Мекеменің аумағында:
келушілердің, туристердің еркін (арнайы рұқсатсыз, рұқсаттамасыз, жолдамасыз) жүруіне;

арнаулы бөлінген жерлерден тысқары тұрақ орнатуға, шатырлар тігуге, от

жағуға, саңырауқұлақтар, жидектер, дәрілік өсімдіктер жинауға, спорттық және кәсіпкерлік балық аулауға;

кешеннің мамандары жүргізген жануарлардың жекелеген түрлерінің санын реттеу қажеттілігін қоспағанда, аң аулауға;

мекеме дирекциясының рұқсатынсыз осы мақсаттар үшін бөлінген жерлерден тымсықары мал жаюға;

кешеннің көлдерінде моторлы қайықтар мен катерлердің жүруіне (кешеннің арнаулы құтқару қызметі мен орман күзетін қоспағанда);

иттерді алып жүруге, айтақтауға және еркін серуендетуге;

табиғат, археология, тарих және мәдениет ескерткіштерін, шекаралық белгілерді, шағын сәулет нысандарын, бастауларды жоюға, зақымдауға;

тастарға, ағаштарға өз бетінше жазулар жазып, белгілер соғуға;

басты пайдаланудағы (мемлекеттік орман саяжайларының шекараларында) ағашты кесу жүргізуге;

ағаштарды өз бетінше кесуге, механикалық зақымдауға, аумақтарды ластауға және Мекеменің табиғи кешеніне кері әсер ететін басқа да әрекеттерге;

жерлерді бақ, бақша учаскелері мен тұрғын үй салуға пайдалануға тыйым салынады.

12. Мекеменің шекарасындағы басқа жер пайдаланушылардың жерлерінде кешеннің мақсаты мен міндеттеріне қайшы келмейтін олардың шаруашылық қызметінің дәстүрлі түрлеріне рұқсат беріледі.

Жерді тұрақты пайдаланушылар Мекеменің табиғи кешенінің сақталуына тікелей қауіп көзі болып табылатын шаруашылық және технологияның өзге де әрекеттерін жүзеге асыруы барысында оның дирекциясы мұндай әрекетті шектеуге немесе оған толықтай тыйым салуға, ал жекелеген жағдайларда оларды жерді пайдалану құқығынан айыру туралы ұсыныс жасауға құқылы.

13. Мекеменің орналасқан жерінің ерекшеліктері мен оның алдында тұрған міндеттер, сондай-ақ оның табиғи кешенінің жай-күйі мен аумақтың табиғи құндылықтары ескеріле отырып кешен мынадай функциялық аймақтарға бөлінген:

олардың табиғи дамуы процесінде табиғи экологиялық жүйені сақтау және қалпына келтіру, кешенде өсімдіктер мен жануарлардың жергілікті түрлерінің барлық алуан түрлілігін сақтау үшін - ерекше қорғалатын аймақтарға, Ерекше қорғалатын аймақтардың шегінде қорықтық учаскелерге бөлінеді;

оқу-экскурсиялық аймақ - табиғат қорғау тақырыбы бойынша көпшілік оқу-ағарту жұмысын жүргізу үшін;

рекреациялық аймақ - халықтың күнделікті демалысын ұйымдастыру, ұйымдаспаған туристер мен демалушыларды қабылдау және орналастыру үшін.

14. Аумақтарды қорғау мен пайдаланудың, оның ішінде Мекемеде

шаруашылық жүргізудің режимі функциялық аймақтар бойынша сарамаланады және оның мақсаттық арналуына қатаң сәйкес келеді.

15. Оқу-экскурсиялық және рекреациялық аймақтарда көшеттерді, жануарлардың өсіп-өнетін орындарын және сирек (бағалы) өсімдіктердің өсуін сақтау мақсатында тыныштық учаскелері бөлінеді.

16. Мекемені қорғауды мемлекеттік орман қорғау қызметкерлері жүзеге асырады.

Мекеменің орман күзеті қызметі Қазақстан Республикасының мемлекеттік орман күзеті туралы ережесімен және Мекеменің мақсаты мен міндетіне қатаң сәйкес келетін лауазымдық нұсқаулықтармен регламенттеледі.

IV. Мекемені басқару

17. Директор Мекеменің басшысы болып табылады. Мекеменің директорын Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы басқарушысының келісімі бойынша Шаруашылық басқармасының бастығы қызметке тағайындайды және босатады.

18. Мекеменің директоры:

өз қызметінде Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметі Шаруашылық басқармасының бастығына есеп береді;

Мекемедегі істің жай-күйіне жауаптылықта болады;

жеке-дара басшылық ету дербестік принципімен іс-қимыл жасайды, және осы Жарғыда көрсетілген Мекеме қызметінің барлық мәселелерін дербес шешеді;

Меншік иесінің атынан іс-қимыл, оның мүлкіне билік етеді және тек Меншік иесінің келісімімен шарттар жасасады;

Мекеменің барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

өз құзыретінің шегінде және қолданылып жүрген заңдарға сәйкес Мекеменің қызметкерлерін қызметке қабылдайды және жұмыстан босатады, көтермелеу шараларын қабылдайды және жаза қолданады.

19. Мекеме тоқсан сайын Шаруашылық басқармасына өз қызметінің нәтижелері туралы есеп, сондай-ақ мүлкінің жай-күйі, пайдалары мен шығындары туралы ақпарат пен құжаттар береді.

20. Меншік иесі - Шаруашылық басқармасы:

Мекемені мемлекеттік басқаруды жүзеге асырады;

еңбекке ақы төлеу қорының (тұтыну қорының) жыл сайынғы мөлшерін, лауазымдық жалақылардың тарифтік кестесін белгілейді;

қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижесін қарайды және келесі кезең шығындарының сметасын бекітеді.

21. Мекеменің жұмыс режимі ішкі еңбек тәртібі ережелерімен белгіленеді және Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

V. Мекеменің мүлкі мен қаржысы

22. Мекеменің жедел басқару құқығымен тек Меншік иесінің тапсырмаларына сәйкес оған өзінің жарғылық қызметін қамтамасыз ету үшін қажет мүлкі ғана бола алады. Мекемеге бекітілген мүлікті Меншік иесі егер заң актілерінде өзгеше көзделмесе, алуға не өз қалауы бойынша басқа құрылған заңды тұлғалардың арасында қайта бөлуге құқылы.

23. Мекеме өзіне бекітілген және тек Меншік иесінің рұқсатымен өзінің шаруашылық қызметінің негізінде алынған қаражаттың есебінен сатып алынған мүлікті бөлектеуге немесе өзге де тәсілмен оған билік етуге құқылы.

24. Мекемені меншік иесінің рұқсатынсыз, негізгі қорға жататын мүлікті сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту шарттарының немесе өзге де мәмілелердің негізінде сатып алуына құқығы жоқ.

25. Мекеме республикалық бюджеттің есебінен ұсталады. Мекемені мемлекеттік қаржыландыру Меншік иесінің қалауы бойынша жүргізіледі. Салықтарды және басқа да міндетті төлемдерді төлеу қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жүзеге асырылады.

26. Мекеменің Меншік иесінің рұқсатынсыз банктік несиелерді пайдалануға құқығы жоқ.

VI. Мекемені қайта ұйымдастыру және тарату

27. Мекемені қайта ұйымдастыру және тарату Меншік иесінің рұқсаты бойынша жүргізіледі. Мекеме сондай-ақ заңдарда көзделген басқа да негіздер бойынша таратылуы мүмкін.

28. Мекемені тарату туралы шешім қабылдаған Меншік иесі тарату комиссиясын тағайындайды және қолданылып жүрген заңдарға сәйкес таратудың тәртібі мен мерзімдерін белгілейді. Тарату комиссиясы тағайындалған сәттен бастап Мекеменің ісін басқару жөніндегі барлық өкілеттік оған көшеді. Тарату комиссиясы баспасөз органдарында оның таратылатындығы туралы және талап қоюдың мерзімі туралы хабарлайды, Мекеменің қолда бар мүлкін бағалайды, оның дебиторлары мен несие берушілерін анықтайды, олармен есеп айырысады, үшінші тұлғалардың алдындағы борыштарды өтеуге шаралар қабылдайды, өтпелі тарату балансын жасайды және оны өзін тағайындаған органның бекітуіне ұсынады. Мекеме несие берушілерінің талабына кепілдік

беріледі және ол Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен және кезектілікте қанағаттандырылады. Заңды тұлғалардың мемлекеттік тізіліміне ол туралы жазба жазылғаннан кейін тарату аяқталған, ал Мекеме өз қызметін тоқтатқан деп саналады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК